



Есептік және реттік
сан есім.



Сан есімнің түрлері

Сан есімдер **мағынасына қарай**
алты түрге бөлінеді:





Есептік сан есімдер

Есептік сан есім заттың нақтылы санын білдіріп қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді.

Есептік сандардың қатарына сан есімдердің өзге топтарының жасалуына негіз болатын табиғи сандар жатады (*бір, екі, үш т. б.*).

Есептік сандар тікелей тиісті мөлшерді білдіру үшін қолданылғанда, ешқандай морфологиялық өзгерістерге түспейді.

Мысалы: *жеті жүз сиыр, мың төрт жүз қой-ешкі.*





Реттік сан есімдер

Реттік сан есімдер есептік сандарға **-ыншы (-інші)** жұрнақтарын қосу арқылы жасалады да, белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Тамара атты жетінші* класта оқып жүрген жалғыз қызым бар (С. Мұқанов)


Реттік сан есімдер де морфологиялық құрамы жағынан дара және күрделі болып келеді де, **күрделі сан есімдерде -ыншы (-інші)** қосымшасы тіркестегі ең соңғы санға жалғанады. Мысалы: *Солардың ішіндегі ең жақсылары он алтыншы, он жетінші* нөмірлер екен (М. Әуезов).



Есептік сан есім

Қанша? неше?

Бір, екі



Реттік сан есім

Нешінші?

Бірінші, екінші

-ыншы, -інші,

-ншы, -інші

Бірінші, екінші



Тапсырмалар

Берілген есептік сан есімдерді
реттік сан есімге айналдыру.

7, 10, 1, 3, 100, 28, 37, 695, 2692.



Жетінші, оныншы, бірінші,
үшінші, жүзінші, жиырма сегізінші,
Отыз жетінші,
алты жүз тоқсан бесінші,
Екі мың алты жүз тоқсан екінші



3, 5, 7, 13, 9, 12, 40. деген сандардың жалпы адамның өмірі, наным–сеніміне байланысын айт. Өзі қалаған бір сан есімге фонетикалық талдау жасау. Санмен берілетін ұғымға байланысты қанатты сөздер, түсініктер, мақал-мәтелдер айту.



Үш жүз, үш би, үш арсыз, үш
бәйтерек, , бес парыз, бес дұшпан,
бес асыл, жеті ата, жеті күн, жеті
су, он үште отау иесі, он үш мүшелі
жас.


Жеті рет өлшеп, бір рет кес. Қызға
қырық үйден тиым; Қыздың қырық
жаны бар, Білетінің бір тоғыз,
Білмейтінің тоқсан тоғыз. Он екі
айда он үш той.



«ТАПҚЫР БОЛСАҢ, ТАУЫП КӨР» ОЙЫНЫ

Мақал - мәтелді жалғастыру.

1. Батыр... рет өледі.
Қорқақ... рет өледі.
2. ... атасын білмеген жетесіз.
3. ... рет өлшеп, ... рет кес.
4. Ер жігіттің... сөйлегені өлгені.
5. тістен шыққан сөз... рулы елге тарайды.
6. Білекті... жығады, білімді... жығады



бір
МЫҢ



ЖЕТІ



Жеті, бір



eki




отыз екі, қырық



бірді, мыңды

СЕРГІТУ СӘТІ



Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды ұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,
Тез шынығып шығамыз.

Сағаттың тіліндей,

Иіліп оңға бір,


Сағаттың тіліндей

Иіліп солға бір.

Оң аяқ, сол аяқ,

Жаттығу оңай-ақ.





Сан есімдерді оқы. Реттік сан есімдерге – көптік жалғауларын, есептік сан есімдерге III әуелдік жалғауларын қосып айт. Мағыналарындағы өзгерісті байқа.

Есептік сан есім

Үлгі: Бір- бірі

Екі –

Үш -

Алты –

Он -

Реттік сан есім

Бірінші -біріншілер



Есептік сан есім

Бір- бірі

Екі – екісі

Үш - үші

Алты – алтысы

Он - оны

Реттік сан есім

Бірінші -біріншілер

Екінші - екіншілер

Үшінші – үшіншілер

Оныншы – оныншылар





Көп нүктенің орнына есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жаз.

Бір қатар _____ қатар

Үш орын _____ орын

Тоғыз мектеп _____ мектеп

Алты сынып _____ сынып

Тоғызыншы Алтыншы, Үшінші Бірінші





Назарларыңызға рахмет!

